



2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № а-1/19 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 ақпанда № 5761 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 23 қазандағы № а-9/226 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 23.10.2017 № а-9/226 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жақсы ауданы әкімінің орынбасары Л . Сейдахметоваға жүктелсін.

3. Осы қаулының күші 2017 жылға 1 қаңтарынан бастап, туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ.Сүйіндіков

Жақсы ауданы әкімдігінің
2017 жылғы "31" қаңтардағы
№ а-1/19 қаулысымен
бекітілген

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жекеменшік	мемлекеттік	жекеменшік
1	Балабақша	205	0	23870,0	0
2	Мектеп жанындағы толық күн қатынайтын шағын орталық	85	0	19727,0	0
3	Мектеп жанындағы жарты күн қатынайтын шағын орталық	160	0	9864,0	0

кестенің жалғасы:

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдардағы ата-аналардың бір айға төлемінің мөлшері (теңге)	
мемлекеттік	жекеменшік	мемлекеттік	жекеменшік
23870,0	0	10623,0	0
19727,0	0	10623,0	0
9864,0	0	0	0